

Аудан әкімдігінің әлеуметтік төлемдердің төлеуге байланысты кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 05 наурыздағы N 609 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 09 сәуірде N 10-7-93 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қыркүйектегі N 454 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 23.09.2013 N 454 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына және " Әкімшілік рәсімдер туралы" заңының 8 бабының 3 тармағына сәйкес, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Аудан әкімдігінің 2008 жылғы 20 тамыздағы "Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерін төлеудің нұсқаулықтарын бекіту туралы" N 158 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2008 жылғы 27 тамыздағы N 10-7-60 болып тіркелген, 2008 жылғы 30 тамызда "Жаңақорған тынысы" газетінің N 69 санында жарияланған) тақырыбындағы, барлық мәтініндегі және осы қаулымен бекітілген қосымшаларындағы, аудан әкімдігінің 2008 жылғы 22 қазандағы " Жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерін төлеудің нұсқаулықтарын бекіту туралы" N 158 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 206 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2008 жылғы 3 қарашада N 10-7-61 болып тіркелген, 2008 жылғы 8 қарашасындағы "Жаңақорған тынысы" газетінің N 90 санында жарияланған), барлық мәтініндегі және осы қаулымен бекітілген барлық қосымшаларындағы " нұсқаулық" сөзі "қағида" және аудан әкімдігінің 2007 жылғы 13 желтоқсанындағы "Мүгедек балаларды үйде тәрбиелеу мен оқытуға көрсетілетін әлеуметтік көмектің ережесін бекіту туралы" аудан әкімдігінің N 480 қаулысының (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2007 жылғы 28 желтоқсанда N 10-7-49 болып тіркелген, 2008 жылғы 12 қаңтарындағы "Жаңақорған тынысы" газетінің N 3 санында жарияланған) тақырыбындағы, барлық мәтініндегі "ереже" сөзі "қағида" сөзімен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ